

ШАРАПАТ ⁶⁺

Балаларға арналған рухани-танымдық журнал

5/2021



АДАП ДОС



ҚИЫНДЫҚТА ТАСТАМАЙДЫ





ӘРІПТЕР ҚОСПАСЫ

Маржан мен Арманға журналдың тақырыбын анықтауға көмектес.

Маржан, қанекей, сен жоғарыдағы тізбектен қандай сөз шығатынын табасың, ал мен төменгіні іздеймін.

О-о-о!
Бұл тақырып маған өте ұнайды. Осы журналды мен сыныбымдағы құрбыма оқуға міндетті түрде беремін.



Суретін салған Рустам САНЖАРОВ

Аударған Айман ҚЫЗЫЛБӨРІКОВА

АДАЛ ДОС

Достық деген - бұл Құдай сыйы,
Еске аларсың досыңды жиі.
Әбігер шақтарыңда оны тос,
Көмекке келеді адал дос.

Досыңмен бірге болған шақта,
Сол сәттерді есінде сақта.
Екі есе қызық болды сол кез,
Уақыт та өте шықты ғой тез.

Жиналыста қатар отырдық,
Бірге ойнап, бірге құтырдық.
Болашақ жәйлі армандадық,
Қуанып, күліп, бірге ән салдық.

Бала кездегі достар саппайды,
Достығын ұзақ жыл сақтайды.
Қиын шақта күттірмей келеді,
Үмітің жоқта жігер береді.

Жаксы еместер кездесер жолда,
Барма олармен құртағын жолға.
Сол сәттерде тек адал Жолдас,
Мыктанып ұста Құдайға жармас.

Қаншама қайғы, қасірет жерде,
Жаксылыққа ұмтыл, жүр жаксы жерде.
Сенде қаншама көп досың болсын,
Ұмытпа Иса ең адал Досың.

Суретін салған Рустам САНЖАРОВ



ШЫНАЙЫ ДОС

Адамдар қылмыскерлер үшін қандай қатаң жаза ойлап тапқанын білесің бе? Өлім жазасы деп ойлайсың ба? Жоқ. Ол – адамды оңаша қамау. Адам басынан өтетін ең қиын кезең – жалғыздық. Құдай мұны біледі. Бізді сүйіспеншілікке, сағынышқа, достық сезімдеріне толы және қарым-қатынасқа мұқтаж етіп жаратқан – Оның Өзі. Адамдардың күнәһар екенін біле тұра, Құдай бізге Киелі кітапта анық, қарапайым әрі түсінікті кеңестер береді. Ондай кеңестер Киелі кітапта өте көп.

Бірақ біз бүгін достық жайлы сөз қозғаймыз. Бұл жайында Құдай Өз Сөзінде не айтқанын білесің бе? Есіңе түсті ме? Жоқ? Онда еске түсіруіңе көмектесейін. Киелі кітапта былай жазылған: «Кім дос тапқысы келсе, соның өзі де доспейілді болуы керек; әрі туған бауырға қарағанда, жақын бауыр басып кететін де дос болады» (Нқл. 18:24). Әрине, сен Сүлейменнің Нақыл сөздері кітабында Құдайдың адам өміріне қатысы туралы ой толғаулар, мәтелдер мен мақалдар жиналғанын білесің.

Киелі кітапта тағы да мынадай сөздер бар: «Қол үзбе өз досыңнан, әкеңнің де досынан...» (Нқл. 27:10). Достық та махаббат сияқты адалдықпен өлшенеді. Шынайы достан артық не бар!? Біз тек өз досымызды ғана емес, ата-анамыздың да достарын бағалауымыз қажет. Дос – қол жетпес байлық әрі өлшенбейтін қазына. Киелі кітапта досыңды тастамау, опасыз болмау, ауырғанда оны жалғыз қалдырмау керектігі жазылған. Бұның бәрінің отбасымыздың достарына да қатысы бар. Адал достары бар отбасы – жарылқанған. Сол отбасының балалары да, ата-анасы да өте бақытты адамдар.

Тағы да былай жазылған: «Досына жағымпазданған, оның аяғына тор құрған» (Нқл. 29:5). Бұл нені білдіреді? Бұл досыңның дұрыс емес сөздері мен істерін қолдамау керек екенін білдіреді. Егер ол дұрыс емес іс жасаса, бәрін ол жоқ кезде артынан емес, оның алдында ашық айту керектігін білдіреді. Егер досың өтірік айтса немесе жарамсыз қылық істесе, үндемей қалуға болмайды. Дұрыс емес істеді деп ойлай тұра, ол жайында жақсы сөз айтпа және жаман істері үшін оны мақтама. Достарымыздың жаман істеріне қосылғанымыз дұрыс емес, ондай жағдайда олармен бір емес екенімізді айту керекпіз. Солай ма? Егер үндемей қалсақ, досымыздың қадірін жоғалтып аламыз, бұлай достығымыз ұзаққа созылмайды.

Достық – бағалы сыйлық. Біз досқа мұқтажбыз және дос бола аламыз, Құдай бізді сондай етіп жаратқан. Достығымызды бағалай білейік.

Шынайы достық – баяу өсетін ағаш тәрізді.

Болат ҚАҺАРМАН

Шынайы достық
– баяу өсетін
ағашқа ұқсас.


ЕЛШІЛЕРДІ ТАП

Оларды табуға көмектесетін
көмекші сөздер:



Пауыл:


- Қолында қыш қағаз
- Шашы жоқ
- Алды ашық күртеше
- Байыпты түр
- Күртешесіндегі жамау



Сый лас:

- Тік айрық
- Мұрт
- Сөмке
- Жолақ күртеше
- Ашық аяқ киім

Елші Пауылдың көптеген адал достары болды. Оның бірі Сыйлас, ол Пауылмен бірге Сирияға барған. Елшілердің достарын топтың ішінен тап.



ПАУЫЛ МЕН ЛҰҚА

Болат ҚАҺАРМАН

Жаңа өсиетте 27 кітап бар. Он төрт кітапты елші Пауыл жазған және оларды жеке адамдар мен қауымдарға жолдаған. Сонымен қатар, Жаңа Өсиетте Ізгі хабар кітаптары да бар, негізі Жаңа Өсиеттің атауы сол жерден басталады. Лұқа есімді дәрігер өз атымен аталатын бір Ізгі хабарды жазған және ол Елшілердің істері кітабының авторы.

Лұқа өз кітабында алғашқы қауымның өмірі, елші Петірдің қызметі, қызметші Філіп жайында баяндайды. Бірақ ол елші Пауыл туралы көбірек жазған, өйткені Лұқа оны елшілік қызметі барысында қолдап қасында жүрген. Лұқа Пауылдың өміріндегі қиыншылықтары мен қызықты оқиғаларын бөлісіп келген. Бүгін танысатын оқиғамыз Елшілердің істері кітабының 21-тарауында жазылған.

Лұқа Птолемайс қаласына жеткенде, кемеден шығып, сол қалада бір күн болғандарын жазады. Сапардан кейін демалып, сенушілермен араласып, келесі күні Кесарияға барады. Сол қалада олар Иерусалим қауымының жеті қызметшісінің бірі – Ізгі хабарды уағыздаушы Філіптің үйіне түсіп, сонда қалады. Оның тұрмысқа шықпаған төрт қызы да пайғамбарлық сөз айтады, яғни олардың Тәңірден алған Құдайдың Сөзін уағыздайтын дарындары бар. Осы қонақжай үйде Пауыл және оның жанындағылар біраз уақыт қонақтап қалады.

Бірнеше күн өткеннен кейін Філіпке Яһуда аймағынан Агаб есімді пайғамбар келді. Ол бөлмеге кіргенде, Пауылдың белбеуін алып, сонымен өз аяқ-қолдарын байлады да: «Киелі Рух былай дейді: осы белбеудің иесін Иерусалимдегі



яһудилер дәл осылай байлап, басқа ұлт адамдарының қолына ұстап береді», - деді. Мұны естігендердің бәрі таң қалысты және Пауылдың амандығы үшін Иерусалимге бармауын өтінеді. Достары, сол елдің сенушілері және пайғамбарлар оны көрдіруге тырысты. Сонда Пауыл оларға, Иса Мәсіх үшін Иерусалимде қиналып қана қоймай, Ол үшін жанын қиюға дайын екенін айтты.

Достары оны көндіре алмағаннан кейін мұның бәрі Құдайдың еркі екенін түсініп, тынышталады. Бірнеше күннен кейін Пауыл мен оның жанындағы қызметшілер Иерусалимге жолға шығады. Кесариядан да бірнеше сенуші кісі оларға ілесіп барады. Иерусалимге келгенде, оларды кипрлік сенуші Мынасон өз үйінді құшақ жая қарсы алды. Оның үйінде барлығына орын табылды, сондықтан Пауыл мен оның соңынан ергендер ұзаққа тоқтап қалды.

Келесі күні олар қауым жетекшісі – Иса Мәсіхтің інісі Жақыпқа барды. Елшілер мен Иерусалим қауымының басқа мүшелері оларды жылы қабылдады. Пауыл өзінің қызметі арқылы Құдайдың басқа ұлттар арасында не істегенін егжей-тегжейлі айтып берді.

Бәрі Пауылдың айтқандарынан жігер алды. Әсіресе, Пауылдың уағызы арқылы дүние жүзіндегі сан мыңдаған яһудилер Иса Мәсіхке сенетінін естіген Жақып қатты қуанды.

Сен қалай ойлайсың?

1. Пауыл өзіне қауіп төніп тұрғанын біле тұра, не себепті Иерусалимге аттанды?
2. Лұқа не үшін Пауылмен бірге барды?
3. Жақып пен Иерусалимнің басқа сенушілері неге қуанды?



**ПАУЫЛ МЕН ЛҰҚАНЫҢ
САЯХАТЫ**



Қанекей, біліп ал

Пауыл мен Лұқаның қызмет бойынша жүріп өткен жолына қара. Сызықтардың бойымен қозғалып, елшілердің қай қалаларда болғанын анықта. Керекті әріптерді қалалардың атауынан тауып, астындағы торшалардың ішіне жазып шық. Әріптердің бәрін тапқан кезде біз досымызды қай уақытта жақсы көруіміз керек екенін біле аласың.

- 1. 4/О
- 2. 5/З
- 3. 4/П
- 4. 9/С
- 5. 4/Н

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|

Суретін салған Валерия КАЛИЩУК

КӨЖЕК ПИМ МЕН ТЫҢ ДОТ

Лаура ЖАНӘБИЛ

5-бөлім

– Апа, мен жаңа достар тауып алдым! – деп Анар қуанышымен бөлісті.

– Ол жаңа достарың кімдер? – деп сұрады анасы.

Анар өзінің жаңа достары жайлы айтып берді, бірақ анасы оған қатты риза болған жоқ. Керісінше, қызына бұл топпен дос болмауға кеңес берді. Анасы бұл топтағы балаларды білетін, сондықтан олардың Анарды бірде-бір жақсы нәрсеге үйретпейтініне сенімді еді.

Анар олардың жақсы достар екенін дәлелдемек болды, өйткені олар әрқашан көңілді жүреді. Алайда анасы тек басын шайқап, оған бір кітапты ұсынды.

Анар кітапты ашқанда, қайтадан алыстағы ну орманның ішіне тап болды.



3. Сәл жақын келе, Пим мыршай мен бөлтіріктерді көрді. Оларға жақындап, танысып, жүрексіне амандасты. Олар оны өз тобына қуана қарсы алып, бірге көңілді ойын бастап кетті.



4. Көжек күннің қалай батып кеткенін байқамай да қалды. Ол бәрімен қоштасып, үйіне қайтты. Ол анасына жаңа достары жайында айтып беруге асықты, оған көңілді өткен күнді ұзақ баяндады. Сонда анасы одан жаңа достары кімдер екенін сұрады.



5. Пимнің жаңа достары мыршайлар мен бөлтіріктер екенін білгенде, анасы қатты қорқып кетті. Ол Пимге ендігәрі олармен ойнама деп ескертті. Мыршай мен бөлтіріктер өскенде қояндарды аулайтынын, айтты.



6. «Жоқ, – деп Пим анасымен келіспеді, – олай емес! Менің достарым өте мейірімді, олар мені ешқашан ренжітпейді!» Анасы Пимнің ендігәрі олармен араласуына тиым салды.



1. «Апа, біз Дотпен бірге орманға барсақ болады ма?» – деп сұрады Пим анасынан. «Барыңдар, бірақ абай болыңдар, өйткені онда қауіпті болуы мүмкін». Көжек үйінен шығып, тиінге қарай жол тартты. Есікті Доттың анасы ашты.




2. Дот ауырып қалғандықтан, бүгін серуендеуге шыға алмайды екен. Көңілі түсіп кеткен Пим орманға өзі жалғыз аттанды, өйткені үйде жалғыз отырғысы келмеді. Кенет ол біреудің қатты күлгенін естіді.



7. Келесі күні Пим Доттың жағдайын біліп келемін деп үйден шығып кетті, бірақ оның үйіне бармай, ормандағы жаңа достарына жөнелді. Олар орманның ішінде біраз ойнаған соң, аюдың бұрынғы апанына барамыз деп шешті.



8. Анасының ескі апандарға баруға рұқсат етпейтінін Пим білді, бірақ бұл жайында жаңа достарына айта алмады. Олар бұны біліп қойса, Пимді мазақтайды емес пе?! Сөйтіп, олар орманның ішіне сүңги берді.




9. Достар аюдың апанына келгенде, онда кіруге батылдары жетпей, алдында ұзақ тұрды. Сонда мыршайлар мен бөлтіріктер Пимге бірінші болып кір деді. Ол қатты қорықты, бірақ қорқақ болып көрінгісі келмегендіктен, апанға бірінші болып кірді.



10. Апанның іші өте қараңғы екен. Пим домалақ тасқа соғылды да, қатты құлап жарақаттанды. Достары оның епсіздігіне күліп, оны жалғыз тастап, кетіп қалды. Пим апанның ішінен шығып, үйіне оралды.



11. Анасы Пимнің шекесіндегі ісік қайдан пайда болды деп сұрады. «Құлап қалдым, – деп өтірік айтты Пим. Сол оқиғадан соң Пим жаман аңдармен араласпауы керек еді, бірақ бұл оған сабақ болмапты.



12. Келесі күні Дот Пиммен кездесуге келді. Дот сауығып, онымен бірге серуендегісі келді. Бірақ Пим жаңа достары бар екенін және серуенге солармен бірге баратынын айтып, оның ұсынысынан бас тартты. Пимнің кімдермен дос екенін естігенде, Дот шошып кетті.



13. Ол бір жамандықтың боларын сезіп, олардың сырттарынан аңдымақ болды. Ал Пим достарымен бірге жабайы жидектерді теріп алып, қоректеніп алу үшін көлеңкеге барып жайғасты.



14. Олар алаңқайдың шетінде өсіп тұрған алма ағаштарын көрді. Алманы жұлуға қанша тырысқандарымен, қолдарынан келмеді, өйткені жемістер өте биік өскен екен. Сонда Пимнің достары оған ағаштың бұтасына шығып, ең жақсы піскен жемістерді жұлып ал деп бұйырды.



15. Ағаштың түбіндегі үлкен шұңқырды байқаған Пим ағашқа шығудан бас тартты. Наразыланған мыршайлар мен бөлтіріктер шулай бастады. Егер Пим ағашқа шығудан бас тартса, онымен дос болмаймыз деп оны қорқытты.



16. Сөйтіп, Пимнің ағашқа өрмелеп шығуына тура келді. Қорыққаннан оның аяқтары дірілдей берді, ол соған қарамастан жоғары өрмелеуін жалғастырды. Кенет оның аяғы сырғып кетіп, ол ағаштың түбіндегі шұңқырға құлап түсті.



17. Ал аңдар Пимді мазақтап күлді де, оны жалғыз қалдырып, кетіп қалды. Пим жылап жіберді, ол қатты жарақаттанып қалды. Кенеттен шұңқырдың ішіне бір жіп салбырап түсті. Оны қиындықта жалғыз қалдырмайтын адал досы Дот көмекке келді!



18. Оның мыршайлар мен бөлтіріктермен салыстырғанда, нағыз дос екені көрінді. Пим шұңқырдан шыққанда Дотты құшақтады да, одан кешірім сұрап, енді өзінің адал досын ешкімге айырбастамайтынын айтып, уәде берді.



– Жоқ, менің достарым мүлде Пимнің достары сияқты емес, – деді Анар. – Мен құлап қалғанда, олар мені қалдырған жоқ, керісінше көмек көрсетті!
– Сен мүлдем түсінбей тұрсың, Анар, – деп анасы мұңайып, басын шайқады.

6-бөлім

Анар таңертең біреудің терезені қаққанын естіп оялды. Ол терезенің сыртында тұрған өзінің жаңа достары Қайсарды, Мағжанды, Әселді және Сәулені байқады. Достары Анарды балық аулауға шақырды. Ал Анар анасынан рұқсат сұрауы керек екенін айтты. Бірақ олар анасы оянғанша қайтып келетіндерін айтып, оны көндіре бастады.

Анар келісті де, заттарын жинап, тышқан сияқты тыныш қана үйден шығып кетті. Күн сәулесін төгіп тұр, Анардың көңіл-күйі керемет. Тек анасының рұқсатынсыз кеткені үшін іштей бірдеңе алаңдатты. Ол бұл жайлы ойлағысы келмей, достарына ілесті.

Балалар қармаққа ілетін құрттарды теріп алып, өзенге қарай жылжыды. Анардың қармағы жоқ болғандықтан, тек басқаларды бақылап отырды. Әрине, оған бірнеше рет қармақты ұстап көруге берді, ол тіпті бір кішкентай балықты ұстап алды.

Достар қалжыңдасып, күліп, көңілдері көтеріңкі отырды, алайда Анарға олардың қалжыңдары жақсы емес болып көрінді. Олар сыныптарындағы балалар мен олардың ата-аналарын келекеледі. Анар олардың қалжыңдарына барынша күлуге тырысты, бірақ бұл оған өте қиынға соқты. Ол кішкентайынан сенуші отбасында өсті, ал ондағы ережелер мүлдем басқа.

Балалар өздерімен алып келген бутербродты жеп, салқын тәтті сусындарын ішіп, тамақтанып алды. Олар уақыттың қалай тез өтіп жатқанын байқамады. Ал Анар анам оянып, менің жоқ екенімді көріп қатты уайымдап жатқан болар алаңдады.

Достары Анардың тағы біраз уақыт қала тұруын өтініп, оны көндіріп алды. Енді бәрі шомылмақ еді. Анар дұрыс жүзе алмайтындықтан, өзеннің жағасында аяғын ғана сұға батырып отырды. Қалғандары қалтқы белгіге дейін жарысып жүзіп кетті. Кенет Қайсар қатты қорқып: «Ай, жүзе алмаймын! Аяғым құрысып қалды! Мында жылан бар екен!» - деп айқайлады. Мағжан, Әсел және Сәуле қатты шошып кетіп, судан шықты да, әрқайсысы әр жаққа қаша жөнелді.

Анар да қорқып кетті, бірақ бұл жолы ол бәрінің артынан жүгіріп кеткен жоқ, керісінше, өзінің үйден кетіп қалғанына өкінді. Енді жылдам әрекет ету керек.



Досты сырт келбетіне қарап таңдама: әдемі аяқ киім жиі ыңғайсыз болып шығады.

рек, бірақ Анар жақсы жүзе алмайтындықтан, не істеу керектігін білмеді. Дәл осы сәтте Анар тек мінажат ете алатынын ұғып, сиынып, Қайсар жаққа қарады. Ол Қайсардың жақын жердегі қалтқы белгісіне дейін жүзіп жеткенін көрді. Алайда оның әрі қарай жүзуге күші жетпейтін сияқты, ол қатты шаршап, қорқып қалған. Жағалауда тұрған Анар оны кішкене болса да жігерлендіргісі келіп, оған бірдеңе деп айқайлап жатыр.

Осы сәтте күтпеген жерден мотордың дыбысы естілді, ол жағалауға жылжып келе жатқан моторлы қайықтың дыбысы екен. Анар бар күшімен қолын бұлғап, сол қайықта отырған адамға Қайсарды көрсетті. Қайықтағы адам әлсіреген баланы қайықпен жағаға жеткізіп, оны құтқарып қалды.

Анар Қайсардың жанына жүгіріп келіп, оған аяғына тұруға көмектесті. Өзін қалай сезініп тұрғанын сұрап, үйіне дейін шығарып салды. Содан осы ол үйіне, анасына асықты. Оған не айтатынын ойлап, қатты қобалжыды. Істеген ісіне ұялды. Үйге келіп, есікті ақырын қатты. Анасы есікті бірден ашты, Анар оның жүзіндегі қобалжу мен қорқынышты бірден байқады. Анасынан кешірім сұрап, оны құшақтады. Әрине, анасы, оны кешірді. Бірақ Анарды жазалауына тура келді, оған кешке дейін далаға шығуға тиым салынды және демалыс күні хайуанаттар бағына бару жоспары да кейінге қалдырылды.

– Қызым, енді жақсы емес топпен дос болғаныңды түсіндің бе? – деп сұрады анасы.

– Иә, мен енді түсіндім, жаман дос қиын кезде тастап кеткенімен қоймай, жаман әрекеттерге итермелейді.

Кешке Анар жатар алдында өзінің сүйікті кітабын қолына алып, көжек Пимнің оқиғасын оқи бастады.


(Жалғасы бар)

Пайдалы кеңес

«Құдай Иеге не ұнайтынын біліп алып, түнектегі адамдардың бекер істеріне араласпандар, қайта, оларды әшкерелеңдер!» (Еф. 5:10-11).

Суретін салған
Юлия ПРАВДОХИНА

ДОС БОЛУ



Киелі кітапта достық жайлы көп айтылады. Сөзжұмбақты шешу барысында нағыз достыққа байланысты көптеген оқиғалармен танысасың. Содан өзіңе қорытынды жасайсың деп ойлаймын.

Тігінен:


- 1) Пауыл қамауда отырғанда, досы оған жиі барып тұратын, оның есімі кім (2Тім. 1:16)?
- 4) Әрқашан қасыңнан табылатын Досың бар. Ол былай дейді: «Таулар қозғалып, төбелер шайқалар, бірақ Менің сүйіспеншілігім сенен айнымас, сенімен амандық пен тыныштық жайлы жасаған келісімім де шайқалмас!» Ол кім? (Иш. 54:10).
- 7) «Ыбырайым Құдайға сенді, сондықтан Оның алдында ақталды». Сонда Ыбырайым, тіпті, «_____ досы» деген атаққа да ие болды» (Жох. 2:23).
- 8) Бір істің шешімін таппаған кезде ол досының көмегін сұрайды: «Досың адал _____ ұнамды болар». (Нқл. 27:9).
- 10) Иса досының қайтыс болғанын естігенде, қатты қайғырды, кейін оны қайта тірілтіп алды. Ол кім? (Жох. 11).
- 12) Иса бізді енді құл емес, _____ деп атады (Жох. 15:15).
- 14) Өз енесінің адал досы болған әйелдің есімі кім (Рут. 1:16)?
- 15) Әйүптің басына түскен ауыртпалықтар туралы естіген достары, оның көңілін сұрап өзара _____ болып келісті (Әйүп 2:11).

Көлденеңінен:

- 2) Пауыл үшін өмірін қиюға дайын болған ерлі-зайыптылар Ақида мен _____ (Рим. 16:3-4).
- 3) «Аман-есен жүр! Екеуіміз Жаратқан Иенің атымен байласқан антымызды сенің де, менің де, кейінгі ұрпақтарымыздың да орындайтынына Оның өзі кепіл болсын!» деп айтқан Дәуіттің досының есімі кім (1Пат. 20:42)?
- 5) «Егер менің _____ орындасаңдар, Маған доссыңдар» (Жох. 15:14)?
- 6) Досына деген сүйіспеншілігі үшін онымен бірге өлуге дайын болған Исаның бір шәкірті (Жох. 11:16)?
- 9) «_____ достарды айыра» (Нқл. 16:28)?
- 11) «Шынайы дос әрдайым _____» (Нқл. 17:17).
- 13) Досыңды жоғалтып алмау үшін, Киелі кітап қандай кеңес береді: «Не өзге де ешқандай нәрсесіне заңсыз ие болуға _____!» (Мыс. 20:17)
- 16) Сенің өз досыңмен сөйлескенің сияқты, Құдаймен бетпе-бет сөйлескен пайғамбардың есімі (Мыс. 33:11).



Шынайы дос деген кім және қалай шынайы дос болуға болады?



қабылдай алады.

Аделия, 7 жас

Шынайы дос – ол тек жақсылық жасайтын адам. Ол достарымен ойыншықтарын бөліседі, бірге ойнайды, бір-бірін жамандамайды, өсек айтпайды, жаман нәрсе істемейді. Менің бір шынайы досым бар. Ол менімен әрқашан заттарын бөліседі және менімен бірге ойнайды. Егер біз бір-бірімізді байқамай ұрып алсақ, бір кешірім сұраймыз. Егер әр бала осылай істейтін болса, онда ол шынайы досқа айнала алады.



Айлин, 7 жас



Шынайы дос – ол мейірімді, әрі бөлісе білетін. Егер сен өзіңе жақсы қарағанын қалап, соларға да солай қарасаң, онда шынайы досқа айналасың.

Мика, 6 жас

Шынайы дос – кез-келген сәтте көмектесетін адам. Ол сені қолдайтын, жақсы көретін, қиындық кезінде тастамайтын адам. Мысалы, сыныпқа жаңа оқушы келсе, ескі достарын тастап, тек сонымен ғана емес, бәрімен дос болу. Ең бастысы адал дос өтірік айтпау керек.



Сара, 9 жас

Шынайы дос – ол менің ағам. Шынайы досқа айналу үшін, сүю керек, өз ағаңа ұнайтын ойындарды ойнау керек және бір қызық оқиғаларды айту керек.

Дарий, 6 жас

Егер Құдайға бір сұрақ қоятын мүмкіндігің болса, не сұрайтын едің?

Осы жайында бізге айтып берші. Өзіңнің жауабың мен фото суретіңді 31-бетте жазылған мекен-жайға жібер.

Сенің хатыңды асыға күтеміз!



ШЫНАЙЫ ДОС

Алма ЖАҢЫЛСЫНОВА

Болат пен Елдар – жақын достар. Олар бір үйде тұрады, бір бала бақшаға барған, енді бір сыныпта оқиды. Екеуі де 12 жастағы жігіттер. Болат пен Елдар көп уақыттарын бірге өткізеді, мектепте бір партада отырады, сабақтары аяқталғанда бірге футбол ойнауға барады, ал қыста хоккей ойнайды. Бірақ жақында бір үлкен мәселе оларды мәңгілікке айыра жаздады.



Болат дүкеннен келе жатқанда, сарайдың артында тұрған бір топ балаларды көрді. Олардың арасында Елдар да бар еді.

– Елдар! – деп Болат досын шақырды.

Елдар досына жалт қарап, жылдам бір нәрсені лақтыра салып, оған асықпай жақындады.

– Сендер онда не істеп жатырсыңдар? – деп түсінбей сұрады Болат.

– Ештеңе, – деп Елдар абыржи күбірледі. – Жай, әңгімелесіп...

Оған досының әрекеті оғаш көрінді.

Содан кейін Болат Елдарды сарайдың артынан сол топпен жиі көріп жүрді. Достардың ауладағы ойындары сиреді. Кейде Елдардың уақыты болмай қалады, бірте-бірте басқа сылтаулар да пайда болды, бәрі тек Болатпен кездеспеу үшін.

Бір күні кешке Болаттың әжесі бәліш пісірді және немересін өзінің құрбысының үйіне сауқат апарып беруге жіберді. Болат келісіп, киінді де далаға шығып кетті. Әжесінің сәлем-сауқатын құрбысына беріп, бірден кері қайтты. Бірақ үйге басқа жолмен оралмақ болды.



Қараңғы түскен шақ. Ол сарайдың жанына жетіп қалғанда, балалардың сұлбасын көрді. Қараңғыдан қызыл шоқтар айқын байқалды. Балалардың темекі тартып тұрғандарын байқамау мүмкін емес еді. Болаттың басына бірден «Елдар олармен бірге!» деген қорқынышты ой келді.

– Елдар! – деп дауыстады Болат.

Балалар бірден тына қалды. Аздаған үнсіздіктен кейін, бәрі қарқылдап күлді.

– Елдар, сен осындамысың? – деп қаттырақ дауыстап сұрады Болат. – Осында болсаң және әлі де менің досым болсаң, бері келші!

Олардың арасынан бір мүсін бөлініп шықты. Елдар Болаттың жанына келді. Ол қолын қалтасынан шығармады және бұл кездесуге аса қуана қойған жоқ.

– Сен не, мені аңдып жүрсің бе? Нені қаласам, соны істеймін! Мені аңдуды доғар, түсіндің бе? – деп Елдар ашуланып, кері айналып сарайға қарай кетіп қалды.

Болған жағдайға таңқалған Болат бірер минут қозғалыссыз тұрып қалды. Кейін үйіне қайтты. Ол түні бойы ұйықтай алмай, дөңбекшеніп шықты. Ал таңға жуық көзі ілініп кеткенде, оятқыш сағаты қоңырау соқты. Бірақ Болат көзін аша алмады. «Құдайым, маған бүгін көмектесші!» – деп ол ойша мінажат етті.

Мектепте бәрі өз қалпымен жүріп жатыр. Соңғы сабақ – дене шынықтыру. Мұғалім бәріне:

– Екі айдан кейін мектеп ішілік жарыс болады. Сол жарыста сендердің сыныптарыңның жақсы атсалысқанын қалаймын. Сондықтан бар күшімізді салып, дайында-ламыз, көп жүгіреміз.

Жаттығу басталды. Екінші айналымнан кейін Болат Елдардың ең артында шаршағаннан әрең сүйретіліп



келе жатқанын байқады. Ол, тіпті, демалып алу үшін орындыққа жайғасты.

– Саған не болды, Елдар? – деді мұғалім. – Сен ылғи жақсы жүгіресің емес пе!? Енді не болып қалды? Ауырып қалмадың ба?

– Жоқ... Мен жай... тек... демалуға... – деп Елдар әрең демін алып жауап берді.

Осыдан кейін Елдар дене шынықтыру сабағына бармай, оны қыдырып өткізуді әдетке айналдырды. Бірақ кейде сабаққа қатысқанда, өте нашар жүгіретін болды, тез шаршап қалады.

«Бұның бәрі сол шылым шеккеннен. Оның жүгіруге мүлде күші жоқ», – деп ойлады Болат.



Бірде үлкен үзіліс кезінде Болат Елдармен сөйлесуім керек деп ойлады. Олар енді бір партада отырмайтындықтан, қолайлы уақыт табу керек еді.

– Елдар, сен менімен дос болғың келмесе, жарайды, бірақ мен бәрібір сен үшін алаңдаймын. Темекіні таста. Ол өте зиян! Сен соның кесірінен көп жүгіре алмайсың. Жиі шаршайсың...

– Маған тиіспе, – деп Елдар Болаттың сөзін бөліп жіберді. Темекі тартатыным, сенің жұмысың емес!

Ол досына қарамай, айналып, сыныпқа кетіп қалды.

Екі ай өткенде мектеп ішілік жарыстар басталды. Болат пен Елдар оқитын сынып ең соңғы орын алды, өйткені Елдар артта қалып қойып, соңғы болып келді.



– Сен үшін біз жеңіліп қалдық! – Елдарға осындай сөздер көп айтылды.

Елдар қатты қиналып, киім ауыстыратын бөлмеде отырды. Онымен ешкімнің сөйлескісі келмеді. Оның тамағына өксік тығылып, көзінен жас тоқтамай ақты.

Кенет Елдардың артынан біреу келіп, жігерлендіріп, арқасынан қақты.

– Уайымдама, Елдар, – деген таныс дауысты естіді.

Бұл Болат еді.

– Бүгін біздің бірінші орын алмағанымыз қорқынышты емес, – деді де, тағы да ойланып, былай деп қосты: – Біз сенімен дос едік, бірақ сен менен теріс айналып, жаман топпен дос болдың, темекі тарта бастадың. Мен қатты ренжідім. Бірақ жалғыз қалмадым. Менің шынайы Досым бар – ол Иса Мәсіх. Сенің доссыз жалғыз қалғаның өте қиын деп ойлаймын.

– Иә. Кешірші мені, Болат. Ол балалар... тіпті, менің достарым емес. Менің шынайы досым тек сен болғаныңды енді түсіндім. Сен мен үшін алаңдадың, бәрі менен теріс айналып кеткенде, адал болып қалдың.

Елдар бір минут ойланып отырғаннан кейін:

– Сен айтқан Иса ол Кім? – деп сұрады.



Болат қайтар жолда Елдарға Иса жайлы айтып берді. Елдар өзінің жақсы істемегенін түсінді. Ол досынан тағы кешірім сұрады. Келесі күні олар қайтадан бір партаға отырды. Елдар қиын сәтте қолдау көрсететін достың болуы қажет екенін және өзі де шынайы дос бола білуі керек екенін түсінді! Кім өзіне кемшіліксіз дос іздесе, сол доссыз қалады.

Кім өзіне кемшіліксіз дос іздесе, сол доссыз қалады.





Петер МАТИН

Елшілер істері 21-28 тарау (И. М. Т. к 57-60 жж)

Кесариядағы кемежай

Құмыра ыдыстар шарап, май мен жемістерді тасымалдау үшін қолданылған. Сондай құмыралар толған арбаны тап.



Шыныдан жасалған шыны ыдыстар құнды болып есептелген. Сабан төселген қорапқа шыны ыдыстарын салып жатқан адамды тап.



Шағала біреудің тамағын тартып алғысы келіп жүр. Оны тап.



Жолаушылар тамақтарын өздерімен бірге алулары керек. Тамағын қорапқа салып жатқан әйелді тап.



Екі адам арбаның ішінен ұрланған шарапты ішіп отыр. Оларды тап.



Кемені үлкен ескекпен басқаратын. Бекітіліп жатқан ескекті тап.



Кемені бір орынға бекіту үшін зәкірді қолданады. Зәкірді ұстап тұрған теңізшіні тап.



Қарбыз алып жатқан балаларды тап.



Пауыл Римге барар жолында. Оны тап.



Әмірші Феликс Пауылдың сұрауы бойынша оны патшаның алдына жіберді. Ол Пауылды қайдан бақылап тұрғанын көріп тұрсың ба?



Пауыл Римге саудагерлер кемесімен жолға шығуы керек болған. Астық салынған қаптарды неше адам тасып жатыр?



2 кемежай тұтқасын тап.



Көп адамдарға Пауылдың уағыздары ұнамады, өйткені Пауылдың олардың бұрынғы сенімдеріне кедергі жасау қаупі бар еді. Бәрінен де оны Иерусалимде бұрын қолдау көрсеткен діни қызметкерлер мен дін мұғалімдері жек

көрді. Пауылды соттың алдына алып келгенде, ол өзінің Рим азаматына тиесілі құқығын қолданып, Римдегі патша сотын талап етті. Осылайша, Римге барып, сол жердегі Исаға сенушілермен кездесе алды.



Суретін салған Петер КЕНТ

Кемеге Пауылмен бірге отырғызылып жатқан басқа тұтқындарды тап.



Бірнеше сенуші Пауылмен құл бұлғап қоштасуда. Оларды көріп тұрсың ба?



Құлдар есіп отырған әскери қайықты тап.



Бұрын адамдар жүктерін қорапта немесе сөмкеде тасыған. Ауыр жүктерін көтеріп келе жатқан отбасын тап.



Құрылыс жұмыстары үшін тас араластырып жатқан жұмысшыларды тап.




Пауылдың өзіне қойылған айыптаулармен келіспегендігіне наразы болған діни қызметкерлерді тап.





ЯҺУДАНЫҢ СҮЙІСПЕНШІЛІГІ



«Яһуданың сүйіспеншілігі» деген ой толғау бар. Ол қайдан шықты және нені білдіреді? Қане, Киелі кітапқа назар аударайық.

Исаның он екі жақын шәкірті болған. Яһудилердің бас діни қызметкерлері Исаны өлтіргісі келді, бірақ халықтан қорыққандықтан, мұны ашық істей алмады. Сонда Исаның шәкірті Яһуда Исқариот белгілі бір төлем үшін Оны ұстап беруге келісті. Бас діни қызметкерлер оған 30 күміс теңге береміз деп уәде берді.

Яһуда қолайлы сәтті күтіп, жасақшыларды Иса мен басқа шәкірттерінің жанына Гетсиман бағына алып келді. Бұл оқиға түнде орын алды. Яһуда өзі беретін белгі туралы: «Кімнің бетінен сүйсем, Ол – Соның Өзі. Сол Адамды тұтқынға алыңдар!» – деген болатын. Ол дереу Исаның қасына барып: «Ұстаз, амансыз ба!» - деп, Оның бетінен сүйді. Сонда жасақшылар дереу Иса Мәсіхті ұстап алып, оны айқыш ағашта өлтірді.

Яһуда опасыздық жасады. Және оның сүйіспеншілігі сатқындықтың белгісіне айналды.

«Яһуданың сүйіспеншілігі» деген сөз сатқындықты, жалған іс-әрекетті білдіреді. Ал «Яһуда» деген есім, «сатқын» деген сөзбен тең.


Бұл оқиғаны Киелі кітаптан оқи аласың. Ол барлық төрт Ізгі хабар жазбаларында: Матай (26 тарау), Марқа (14 тарау), Лұқа (22 тарау), Жоханда (18 тарау) жазылған.

Хадисша ҒАЛЫМ

Суретін салған
Юлия ПРАВДОХИНА

ОЙЖҰМБАҚ

Бос торшаларды керекті суреттермен толықтыр. Суреттелген заттар әр бағанада және әр тармақта тек бір рет қана атала алады.



Суретін салған Александр МИКУСЕВИЧ

Әнуар САРБАЕВ

САБАНТОЙ

Сабантой – бұл алғыс тойы, Жаратушының берген сыйы. Жер бетін жеміске толтырды, Ұмытпай бізді еске алар жиі.

Сабантой – бұл қуаныш тойы, Мадақ пен даңқ айт Құдайға. Жер бетіндегі жемістер үшін, Алғыс айт Оған ұдайы.

Сабантой – бұл тағзым ету той, Құтқарғаны үшін әлемді. Тағзым ет Ұлы Құдайға! Құтқарылған әрбір жан енді.



ТАУЫП КӨР!

Бұл жерде Киелі кітаптағы қандай тарихи оқиға бейнеленген? Қане, сен де суретті қаламсапты қағаздан үзбей салып көрші.



Суретін салған Эмма НИКЕЛЬ

Бақшағы сый

Күз – жылдың әдемі мезгілі. Алмас пен Айнұр ата-аналарымен бірге баратын қауым Сабантой мейрамына арнап ерекше көркейтіледі. Әдемі безендірілген жемістер мен көкөністер бәрінің назарын өзіне тартады. Онда бәрі бар! Осы жылғы бай өнім үшін Құдайға алғысымызды білдіре алатын мерекелік жиналыс аяқталғанда, жемістер мен көкөністерді жақынырақ келіп көруге болады. Сол жемістер мен көкөністерді қауым балалар үйіне береді.

– Апа, қара, көк доп! – деді үш жастағы Алмас ерекше көкөністі нұсқап.

– Ол доп емес, ол – асқабақ, – деп қарсылық білдірді үлкен әпкесі Айнұр.

– Ол доп та, асқабақ та емес, балалар, ол баялды, – деді олардың жандарында тұрған әйел. – Ол біздің бақшада өскен.

Алмас пен Айнұрдың анасы таң қалып:

– Баялдыға мүлдем ұқсамайды! Бұндай үлкен және өзгеше баялдыны қалай өсірдің, Назира?

– Басқа сұрыптағы баялдыны өсіріп көрмек болдым. Дәндерді отырғызбас бұрын жерге қарашірік сеуіп шықтым. Баялдылар күн сәулесін, ылғалды жақсы көреді, тағы да топырақ жұмсақ болуы керек. Олар өздеріне керектінің бәрін сіңіріп алған сияқты, сол себепті үлкен болып шыққан. Мен өзім де таң қалдым. Мынаның салмағы 2 кг болды. Бақтағы сый! – деді Назира күліп. – Бұл өнімнің дәндері өте аз, бірақ өзі дәмді әрі хош иісті.

– Шынымен керемет көкөніс! – деп келісті Алмас пен Айнұрдың анасы.

Баялды – көпжылдық өсімдік, биіктігі 40 см-ден 150 см-ге жетеді.

Баялды – ол көпжылдық өсімдік, биіктігі 40 см-ден 150 см-ге жетеді.

БАЯЛДЫ

Баялдының өнімі көкөніс емес, құлпынай мен таңқурайға мүлдем ұқсастығы жоқ болса да, ол – жидек. Бұл өсімдіктің ірі, алмұрт пішіндес өнімдері ақшыл, жасыл немесе күлгін түстес реңкті. Оның биіктігі - 70 см, диаметрі - 20 см, салмағы – 0,4-1 кг дейін жетеді. Баялдыны тамаққа толық жетілмеген күйінде қолданады. Оны қуыруға, бұқтыруға, салаттарға қосуға, бутербродтар жасауға қолданады, одан, тіпті, тосап қайнатуға болады. Сопақша келген, қабығы көгілдір-қара түстегі баялды өте дәмді, пайдалы деп есептеледі.

Балкан ауылында баялдыны «түрік қызанағы деп атайды. Әрине, ол да картоп, қызанақ және бұрыш секілді алқа тұқымдастарына жатады.



Баялды оқиғасынан

Баялдының жабайы түрі Шығыс елдерінде, Оңтүстік Азияда және Үндістанда 1500 жыл бұрын өскен және оны қазіргі уақытта да осы елдерде кездестіруге болады. Бұл жайында көне қағаздарда жазылған. Ал IX ғасырда баялдыны Африкаға арабтар алып келеді және бұл өсімдік Еуропа елдеріне тек XV ғасырдың ортасында мәлім болады. Соған қарамастан баялды XIX ғасырда ғана кеңінен танымал бола бастайды.

Әлемде бұл өсімдік жайында естімеген, білмеген бір де бір ел қалмады.

Эльвира ҚАҺАРМАН



Шығыста баялдыны дәрілік қасиеті үшін «ұзақ өмір көкөнісі» деп атайды.

Қызықты деректер

2006 жылы Палермо қаласында «Баялды олимпиадасы» өткен. Жерорта теңізіндегі ең мықты аспазшылар баялдыдан ең дәмді тағамдар пісіру үшін жиналған. Сонымен қатар, қатысушылар ғылыми семинарларда бұл көкөністің оқиғасын және көптеген тағамдардың қалай жасалатынын, сондай-ақ, баялды жайындағы әуесті оқиғаларды тыңдай алды.

Баялдыда Менделеев кестесіндегі кальцийден мырышқа дейінгі ең пайдалы заттардың бәрі жиналған. Оны «қабықты дәріхана» деп атауға болады.



Суретін салған
Рустам СЕРЖАНОВ

ШАРАПАТ 5/2021

26

Ғажайып жаратылыс

ШАРАПАТ 5/2021

27

1. ЖАНУАРЛАРДЫ JAҚCЫ KӨPEТИН AДAM

Жануарлар әлемі оған жақсы таныс болды, бұл кім жайында айтылған?

Көмек сөз:

Ол жануарларды бақылады және өзінің де жеке жануарлары болды.

Оның 4000 жылқысы және арбасы, маймылдары мен тауыс құстары болған. Ол маймылдарды қайдан алды? Оның өзінің сауда кемесі болды, ол әр үш жылда бір рет кемесін алыс сапарға жіберіп, алтын, күміс, піл сүйегін, маймылдар мен тауыс құстарын алып келетін.

3 Пат. 10:22; 2 Шеш.

Құдай былай айтқан: «Барлық құсты білемін таулардағы, Хайуандар да Менікі даладағы». Жыр. 49:11



3. ЖАНУАР ЕСІМІ

Қай әйелдің есімі «Елік деп аударылады?» Елш. 9:36

Мұсаның кезінде Мысырға тап болған он апаттың ішінде құрбақа, шіркей, шыбын, шегіртке болды. Бұл туралы Мысырдан шығу кітабында 8 тарауда жазылған. Алайда Құдай өз халқын апаттан сақтап қалды.



4. АЮДЫҢ КҮШІ

Самсон өте мықты болды. Бірде ол арыстанды қозыдай жай қолдарымен өлтірді. Бірнеше күннен кейін Самсон сол арыстанның ішінен не тапты?

Бил. 14:5-8



А. Құмырсқаның илеуі.

Б. Бал.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!


Лаура ТЕМИРЛАНОВ

Өзіңнің Киелі кітапты қаншалықты білетіңді тексер. Бүгінгі сөз маймылдар, есектер мен басқа да аңдар жайында болады. Киелі кітапта олар туралы не табатыныңды көрейік!

2. ҚУ ТҮЛКІ

Жауларын жазалау үшін, түлкілерді қос-қостан матап, олардың ортасына бір алаудан байлап, оларды філістірлердің пісіп тұрған егіндіктеріне жіберген кім?

Бил. 15:4-5



Дәуіт өзін бүрге және құр құсымен теңеп тұр. 1Пат. 26:17,20

АДАМ АЙТҚЫCЫЗ БАЙЛЫҚ

Сүлеймен патшаның сарайындағы адамдарды тамақтандыру үшін күн сайын 100 қой-ешкі мен 30 мүйізді ірі қара сойылатын.

3Пат. 4:22-23

5. ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫНАТЫН МАЛ

Ең алғаш жануарды кім өлтірді?

Жар. 10:21

- А. Ең бірінші жануар ұлы топан су кезінде өлді.
- Б. Құдай Өзі ең алғаш жануарды өлтірді.
- В. Әбіл құрбандық шалуға ең бірінші жануарды өлімге қиды.



6. ЖАНУАРДЫ ІЗДЕУ ЖОЛЫНДА

Саулды патша болуға таңдалған кезінде, әкесінің жоғалып кеткен жануарларын іздеген болатын. бұл жерде қандай жануарлар жайында айтылып тұр?


1Пат. 9:3

- А. Аңшылыққа шығатын патшаның жылқысы жайында.
- Б. Есектер жайында.



Піл, жолбарыс, аю, енеке, түйе, ұлу, үйрек, құс, арыстан, маймыл, балық, шимпанзе, ақула, жылқы, кит, қашыр, есек, қаз, сиыр, дельфин, шошқа, сусар, жарғанат, ешкі, қой, егеуқұйрық, енеке... хм... мен енекені екі рет қайталадым ба?

Суретін салған Инна КОЗИНА



КЕРЕМЕТ ЖАД

Адам атаның есте сақтау қабілеті өте жақсы болған: ол жердегі барлық аңдардың аттарын қойды және оларды есінде сақтап қалды. Жар. 2:20

7. СӨЙЛЕЙТІН ЖАНУАРЛАР

Киелі кітапта сөйлейтін жануарлар туралы жазылған. Келесі мәтіндегі сөздерді кім айтты және кімге?

А. Жоқ, өлмейсіңдер! Сендер ненің жақсы, ненің жаман екенін айыра алып, Құдай сияқты боласыздар.

Жар. 3:4-5

Б. Мені үш рет қатарынан ұрып-соғатындай саған не жаздым?

Рул. 22:28

«СӘНДІ» ЖАНУАРЛАР Мадияндықтар түйелерінің мойнына алтын шынжырлар асатын. Бил. 8:26





Байдібек Жаннұры, 8 жас,
Шымкент қаласы



Байдібек Күннұры,
10 жас



Досаев Фараби, 10 жас



Байдібек Күннұры,
Шымкент қаласы



Досаева Сара, 6 жас



22-23 б. арналған жауап:
17. Кесариядағы кемежай

Пауыл 1
Әмірші Феликс 2
Астық салынған қаптарды тасып жүрген адамдар 3, 4, 5
2 кемежай краны 6, 7
басқа тұтқындар 8
Пауылмен қоштасып жатқан сенушілер 9

Әскери ескек қайық 10
Ауыр жүктері бар отбасы 11
Бетон араластырып жатқан жұмысшылар 12
Түнерген діни қызметкерлер 13
Қарбыз алып жатқан балалар 14
Зәкірді ұстап тұрған теңізші 15
Бекітіліп жатқан ескек 16

Ұрланған шарапты ішіп отырған адамдар 17, 18
Тамағын қорапқа салып жатқан әйел 19
Шағала 20
Сабан төселген қорапқа шыны ыдыстарын салып жатқан адам 21
Құмыралар толған арба 22

Жауаптар:

2 бет: Адал дос

5 бет:

8 бет: Үнемі

16 бет: Тігінен: 1. Онисыфор. 4.

Жаратқан Ие. 7. Құдайдың.

8. Кеңесімен. 10. Елазар. 12.

Достарым. 14. Рут. 15. Жұбатпақ.

Көлденеңінен:

2. Прискила. 3. Жонатан. 5.

Тапсырғандарымды. 6. Тома. 9.

Өсекші. 11. Жақсы көрер. 13. Сұқтанба. 16. Мұса.

25 бет: Ойжұмбақ:

| | | | |
|---------|---------|---------|---------|
| Асқабақ | Алма | Бидай | Жапырақ |
| Жапырақ | Бидай | Асқабақ | Алма |
| Алма | Асқабақ | Жапырақ | Бидай |
| Бидай | жапырақ | Алма | Асқабақ |

28-29 бет: 1. Сүлеймен патша. 2. Самсон. 3. Табита. 4/Б. 5/Б. 6/Б. 7. А – Жылан Адам мен Хауаға айтты; Б – Мәші Балағамға тіл қатты.


31 бет: Көлденеңінен: 1. Израил. 2. Естер. 3. Қабыл. 4. Месопотамия. 5. Мәриям. 6. Есау. 7. Төреші. 8. Хеброн.

Тігінен: Иса Мәсіх.

СӨЗЖҰМБАҚ «ЖЕЛКЕНДІ КЕМЕ»

Құрастырған Ермек
СӘУЛЕТОВ, 10 жас

- 1) Құдайдың Жақыпқа берген екінші есімі қандай? (Жар. 32:27-28).
- 2) Парсы патшасы Ахасуер патшаның әйелінің есімі кім? (Ест. 2:16-17).
- 3) Әбілді кім өлтірді? (Жар. 4:8).
- 4) Ыбырайымға Құдай аян беріп Харан жеріне көшуін айтқанға дейін, ол қай жерде тұрып жатты? (Елш. 7:2-3).
- 5) Исаның анасының есімі кім? (Мат. 1:18-25).
- 6) Жақыптың ағасы кім? (Жар. 25:24-26).
- 7) Сотта үкім шығаратын кім?
- 8) Қахаттың үшінші ұлының есімі кім? (Мыс. 6:18).



ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ

ШАРАПАТ 5 /2021
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

Журнал 2005 - жылдың
шілде айынан бастап шығады.

Қыркүйек, 5 (95) 2021
Меншік иесі
«Литера-М».
Бас редакторы Дилманов М.Б.

Журнал Қазақстан
Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде
10. 10. 2009 жылы тіркелген
№10445-ж куәлігі берілген.

Таралымы 1 500 дана
Жылына 6 рет шығады

Журнал материалдарын көшіріп басу үшін
міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050046 Алматы қаласы,
а/ж 5, «ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ»,
«Інжілдік Мәсіхші Баптистер»
Жергілікті Діни Бірлестігі,
Нұрғиса Тілендиев к-сі, 365-ші үй.
e-mail: liokaz.mail@gmail.com
support@liokaz.org

сайт: www.liokaz.org
Тел.: +7 (727) 394 17 05

Есеп шот нөмірі:
Есеп айырысу шоты
KZ256010131000011815,
БСН 920240001521,
"ХАЛЫҚ БАНК" АҚ

"Қазақстан ГАЗ Орталығы" АҚ
баспаханасында басылды.
Жароков көшесі, 210 а

КІМ ЖАРАТТЫ

C Dm G C

1. Кім ара-ратты ба-рін?
Кім ба-я-ғы үй-гі?

Ор-ман, те-ңіз, үй-гі?
Кім ай-сар-ғы қор-ғы?

5 C Dm G 2

Көктің ө-сі-ін кім а-лып бер-гі?
Кім өн-гі са-уу-ға бер-гі үй-гі?

11 C i-nū: Dm G C

Кудай! Ол ба-рін ба-я-ғы!
Данқ пен ая-ғы қы-я-ғы.

17 Am Dm G C

Біз ге-уы-и ө-мір ба-ре-гі,
О-ны ба-ре ая-ғы та-уық!

Суретін салған
Ирина ПОМЕРАНЦЕВА

2. Кім бақыт береді?
Кім ізден келеді?
Ағасқанда бізді Кім көреді?
Кім өмір сыйлайды?
Бізді Кім қимайды?
Түлектен жарыққа Кім жинады?

